

5.2 Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары – 2 сағат

Жоспар:

1. Нарықтық экономикаға өту. Ұлттық валютаның енгізілуі. Ұлттық қордың құрылуы
2. «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» бағдарламаларының жүзеге асырылуы
3. ҚР сыртқы саясаты қалыптасуының негізгі факторлары. Қазақстан Республикасы және халықаралық ұйымдар

Әдістемелік нұсқау: Тақырыпты зерттеу барысында студенттер 1990-жылдары Қазақстанның нарықтық экономикаға көшу ерекшеліктеріне назар аударуы тиіс. 1993 жылы ұлттық валюта – теңгенің айналымға енгізілуі экономикалық егемендікке қол жеткізудегі маңызды қадам болғанын қарастыру қажет.

Сондай-ақ 2000 жылы құрылған Ұлттық қорды экономиканы тұрақтандырудың және мұнай-газ кірістерін тиімді пайдаланудың тетігі ретінде талдау маңызды.

«Нұрлы жол» (2014 ж.) және «100 нақты қадам» (2015 ж.) мемлекеттік бағдарламаларына ерекше назар аудару ұсынылады. Бұл бағдарламалар инфрақұрылымды дамытуға, экономиканы жаңғыртуға, мемлекеттік басқару жүйесін нығайтуға және инновацияларды енгізуге ықпал етті. Студенттер осы бағдарламалардың іс жүзіндегі жүзеге асырылу мысалдарын және олардың елдің тұрақты дамуы үшін маңызын қарастыруы тиіс.

Қазақстанның сыртқы саясатын зерделеу кезінде оның көпвекторлы сипатын атап өту қажет. Негізгі бағыттарды айқындау маңызды: Ресеймен, Қытаймен, Орталық Азия елдерімен, АҚШ-пен және Еуропалық одақпен ынтымақтастық. Сонымен қатар Қазақстанның халықаралық ұйымдарға қатысуын талдау ұсынылады: БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ИЫҰ, сондай-ақ интеграциялық бірлестіктерге (ЕАЭО, ҰҚШҰ, АӨСШК).

Жаһандық қауіпсіздік саласындағы Қазақстанның бастамаларына ерекше көңіл бөлу керек: Семей ядролық сынақ полигонының жабылуы, ядролық қарусыздану мәселелеріндегі көшбасшылығы, сондай-ақ халықаралық форумдар мен саммиттердің өткізілуі. Студенттер Қазақстанның экономикалық моделі мен сыртқы саясаты өзара тығыз байланысты екенін түсінуі қажет, себебі ел ішіндегі тұрақты даму оның халықаралық аренадағы беделін нығайтады.

Негізгі әдебиет:

1. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітап: Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. – Алматы: Казак университет, 2022. – 570 б.
2. Абылхожин Ж.Б. Страна в сердце Евразии: Сюжеты по истории Казахстана. – Алматы: Казак университеті, 1998. – 280 с.
3. Назарбаев Н. А. Эра независимости. – Астана: Атамұра, 2017. – 508 с.
4. Токаев К.К. Под стягом независимости: Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.

Қосымша әдебиет:

1. Абенев Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. – Алматы: Атамұра, 1996. – 390 с.
2. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана: Елорда, 2001. – 294 с.
3. Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Атамұра, 1996. – 256 с.
4. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.
5. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003 – 240 с.
6. Аяган Б.Г., Абжанов Х.М., Селиверстов С.В., Бекенова М.С. Современная история Казахстана. – Алматы: Раритет, 2010. – 432 с.